

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімінің 2024 жылғы 28 наурыздағы № 1 шешімі. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімінің 2025 жылғы 11 ақпандығы № 1 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімінің 11.02.2025 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына және 50-бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндептін атқарушының 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32469 болып тіркелген) сәйкес ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Амангелді ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Амангелді ауданы әкімінің орынбасары Малшыбай Дүйсенұлы Қаласов тағайындалсын және осы шешімнен туындастын іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. "Амангелді ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы шешімге қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімнің ресми жарияланғанынан кейін оның Амангелді ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК